

## 2024 жылғы қаңтар-тамыздағы химия өнеркәсібі

**2024 жылғы қаңтар-тамызда ҚР СЖЖРА ҰСБ** жедел деректеріне сәйкес **өндіріс көлемі** құндық мәнде 702,7 млрд. теңгені құрады, бұл 2023 жылғы ұқсас кезеңдегі көрсеткішпен салыстырғанда **8,9%**-ға жоғары.

Химиялық өнім өндірісінде негізгі үлесті өзге бейорганикалық заттар – 44,8%, тыңайтқыштар мен құрамында азот бар заттар – 13,5%, өзге химиялық өнімдер – 5,5%, бояғыштар мен пигменттер – 5,8%, өнеркәсіптік газдар – 5,1%, пестицидтер және өзге де агрохимия – 3,1%, өзге де негізгі органикалық заттар – 3,2%, бастапқы формадағы пластмассалар – 13,0%, ЛБМ – 3,7%, тұрмыстық химия – 2,2%.

Нақты көлем индексі **108,6%** құрады. Өсудің негізгі себебі негізінен химия және сабақтас өнеркәсіп салаларында (*ТМК, сусындар өндірісі, құрылыс және т.б.*) тұтынушылық сұраныстың өсуі болып табылады. **Өндіріс көлемінің заттай мәндегі ең үлкен өсімін** мынадай тауарлар көрсетеді: - хром оксиді (+10,4%), моногидраттағы күкірт қышқылы (+12,0%), тұз қышқылы (+22,9%); фосфор (+26,8%); фосфор тыңайтқыштары (+34,0%); бастапқы нысандардағы полиуретандар (+7,1%).

**2024 жылғы қаңтар-шілдеде** құндық мәнде химиялық өнімнің экспорты 1 205,8 млн. АҚШ долларын құрады, бұл 2023 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 18,3%-ға жоғары. Экспорттың негізгі елдері: **Қытай (29,2%), Ресей (23,5%), Польша (4,5%)**.


Химия өнеркәсібі өнімдерінің импорты **2024 жылғы қаңтар-шілдеде 2 608,5 млн. АҚШ долларын** құрады, бұл 2023 жылдың сәйкес кезеңінен 11,8% төмен. Негізгі импорттаушы елдер: **Ресей (41,4%), Қытай (14,6%), Германия (5,7%)**.

**2024 жылғы қаңтар-шілдеде** химиялық өнім түрлері **нарығының көлемі 2 764,4 млн. АҚШ долларын** құрады (*1 251,4 млрд. теңге*), бұл 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 13,7%-ға төмен. Өндірістің өсуіне (+7,6%) және импорт көлемінің төмендеуіне (-11,7%) қарамастан, нарық көлемінің төмендеуіне экспорттың өсуі (+18,4%), сондай-ақ талданатын кезеңде ұлттық валюта бағамының (-0,4%) төмендеуі айтарлықтай әсер етті. **ОТӨ үлесі 2,1 п. т. төмендеп, 5,6%** құрады. Импорттық өнімнің үлесі 94,4% құрады.

**2024 жылғы қаңтар-тамызда** химиялық өнім түрлерінің ең көп өндірісі келесі **облыстарда** байқалады: Жамбыл (23,7%), ШҚО (20,2%), Атырау (11,9%), Қарағанды (9,0%), Ақтөбе (7,4%), Павлодар (5,7%), Ақм ола (5,2%), Маңғыстау (4,4%).


# ХИМИЧЕСКАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ ЯНВАРЬ-АВГУСТ 2024

**702,7**  
МЛРД ТГ



**108,6%**  
ИФО

**\$1 205,8**  
МЛН




**ЭКСПОРТ**

Импорт 94,4%




**РЫНОК**

**\$2 608,5**  
МЛН



**ИМПОРТ**

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-июль 2024 г.



**ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ, МЛН. ТЕНГЕ**